

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының жобасы бойынша салыстырма кесте

№ р/с	Құрылымдық элемент	Заңнамалық актінің редакциясы	Жобаның редакциясы	Ұсынылып отырған өзгерістің немесе толықтырудың редакциясы	Өзгерістің немесе толықтырудың авторы және оның негіздемесі	Бас комитеттің шешімі. Негіздеме (қабылданбаған жағдайда)
1	2	3	4	5	6	7
1.	1-баптың 1) тармақшасының төртінші абзацы	1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: ... 8) қол қою – халықаралық шартты жасасу сатысы немесе егер халықаралық шартта қол қоюдың осындай күші бар екендігі көзделген немесе Қазақстан Республикасы мен келіссөздерге қатысушы басқа да тараптардың қол қоюдың осындай күшке ие болуға тиіс екендігі туралы уағдаластығы	8) тармақшадағы «шартты жасасу сатысы» деген сөздер «шарт мәтінінің теңтүпнұсқалығын анықтау тәсілдерінің бірі ретінде» деген сөздермен ауыстырылсын;	Мынадай редакцияда жазылсын: «8) тармақша «халықаралық шартты» деген сөздердің алдынан «шарт мәтінінің теңтүпнұсқалығын анықтау тәсілдерінің бірі ретінде» деген сөздермен толықтырылсын;	Халықарық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті Д.Н. Назарбаева Редакциясын нақтылау.	Қабылданды

		өзге де жолмен белгіленген немесе Қазақстан Республикасының қол қоюға осындай күш беру ниеті оның өкілінің өкілеттігінен туындаған және (немесе) келіссөздер кезінде білдірілген жағдайда, халықаралық шарттың өзі үшін міндеттілігіне Қазақстан Республикасының келісім білдіру тәсілі;				
2.	1-баптың 1) тармақшасының бесінші абзацы	1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: ... 10) өкілеттік - шартқа қатысты өзге де акт жасау мақсатында Қазақстан Республикасының лауазымды адамдарының немесе құзыретті органының	10) тармақша «тапсырылатын» деген сөзден кейін «немесе дипломатиялық арналар арқылы жіберілетін» деген сөздермен толықтырылсын;	«тармақша» деген сөз «тармақшаның бесінші абзацы» деген сөздермен ауыстырылсын;	Халықарық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті Заң техникасы.	Қабылданды

		шешімдері негізінде жүзеге асырылатын және келіссөздерге қатысушы тарапқа не депозитарийге тапсырылатын өкілеттілік сертификатымен тиісінше ресімделген бір адамның немесе бірнеше адамның Қазақстан Республикасы атынан өкілдік ету құқығы:				
3.	1-баптың 1) тармақ-шасының тоғызыншы абзацы	1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: ... жоқ.	«14-1) халықаралық шартты құрайтын құжаттармен алмасу – халықаралық шарт мәтінінің теңтүпнұсқалығын анықтау тәсілдерінің бірі немесе егер халықаралық шартты құрайтын құжаттарда олармен алмасудың осындай күші бар екендігі көзделген немесе Қазақстан Республикасының және келіссөздерге қатысатын басқа да тараптардың халықаралық шартты құрайтын құжаттармен	Алып тасталсын.	Халықарық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті Заң техникасы. «Құқықтық актілер туралы» ҚРЗ 23-бабының 7-тармағына сәйкес келтіру, оған сәйкес нормативтік құқықтық актіде терминдер мен анықтамаларды нақтылау оларды пайдалану кезінде жүзеге асырылады. «Халықаралық	Қабылданды

			алмасудың осындай күшке ие болуға тиіс екендігі туралы уағдаластығы өзге де жолмен белгіленген жағдайда, Қазақстан Республикасының өзі үшін халықаралық шарттың міндетті екендігіне келісім білдіру тәсілі;»;		шартты құрайтын құжаттармен алмасу» термині «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» ҚРЗ мәтінінде және заң жобасында қолданылмайды.	
4.	1-баптың 2) тармақшасы	4-бап. Ратификациялауға жататын, Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниеттенетін халықаралық шарттарға, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобаларына ғылыми сараптама 1. Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниеттенетін халықаралық шарттар бойынша, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобалары бойынша ғылыми (құқықтық,	2) 4-баптың 1-тармағы екінші бөлігінің үшінші абзацындағы «оларға» деген сөз «, осы Заңның 27-бабының 4-1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, оларға» деген сөздермен ауыстырылсын;	Алып тасталсын.	Халықарық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті Ұлттық заңнамадан басымдығы бар ратификацияланған халықаралық шарт мәртебесін берген кезде ғылыми құқықтық сараптаманы міндетті түрде жүргізу қажет деп санаймыз.	Қабылданды

		<p>лингвистикалық, экологиялық, қаржылық және басқа да) сараптама жүргізілуі мүмкін.</p> <p>Міндетті ғылыми құқықтық және лингвистикалық сараптамалар ратификациялауға жататын:</p> <p>Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниеттенетін халықаралық шарттар бойынша – оларды ратификациялау немесе оларға ратификациялау жолымен қосылу туралы шешім қабылданғанға дейін;</p> <p>халықаралық шарттардың жобалары бойынша – оларға қол қойылғанға дейін жүргізіледі.</p>				
5.	1-баптың 3) тармақшасы	8-бап. Халықаралық шарттарды дәйектеу, олардың мәтінін қабылдау және қол қою туралы, сондай-ақ осы	3) 8-баптың 1) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: «Халықаралық шартқа қол қою туралы	Мынадай редакцияда жазылсын: «3) 8-баптың 1) тармақшасының екінші бөлігінде «қабылданбайды» деген	Халықарық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті Заң техникасы.	Қабылданды

		<p>актілерді жасасуға өкілеттік беру туралы шешімдер</p> <p>Халықаралық шарттарды дәйектеу, олардың мәтінін қабылдау, сондай-ақ қол қою туралы және осы актілерді жасасуға өкілеттік беру туралы шешімдерді тиісті акті түрінде:</p> <p>1) Қазақстан Республикасының атынан жасалатын халықаралық шарттарға қатысты Қазақстан Республикасының Президенті қабылдайды.</p> <p>Халықаралық шартқа қол қою туралы тиісті акті, егер мұндай халықаралық шартқа Қазақстан Республикасының Президенті қол қоятын немесе бұл халықаралық шартқа қол қою құқығын Қазақстан Республикасының Президенті шартқа тікелей қол қояр</p>	<p>тиісті акт, егер мұндай халықаралық шартқа Қазақстан Республикасының Президенті қол қоятын немесе бұл халықаралық шартқа қол қою құқығын Қазақстан Республикасының Президенті шартқа тікелей қол қояр алдында, басқа лауазымды адамға табыстаған, соның ішінде ауызша табыстаған жағдайда, қол қоюға өкілеттік беру туралы шешімсіз қабылданады;»;</p>	<p>сөз «қол қоюға өкілеттіктер беру туралы шешімсіз қабылданады» деген сөздермен ауыстырылсын.</p>	<p>«Құқықтық актілер туралы» ҚРЗ 26-бабының 6-тармағына сәйкес келтіру.</p>	
--	--	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------	--

		алдында, басқа лауазымды адамға табыстаған, соның ішінде ауызша табыстаған жағдайда, қабылданбайды;				
6.	1-баптың 3) тармақшасы	27-бап. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын өзгерту	4) 27-бап мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын: «4-1. Күшіне енген кезде ратификациялауға жатқызылмаған халықаралық шарттар, егер осындай халықаралық шарттарға енгізілетін өзгерістер ратификациялауға жататын болса, ратификациялануға тиіс.».	Алып тасталсын.	Халықарық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті Заң жобасының 2) тармақшасын алып тастауға байланысты.	Қабылданды

Заң жобасының мәтіні «Құқықтық актілер туралы» ҚР Заңына және әдеби тіл нормаларына сәйкес келтірілсін.

Комитеттің төрайымы

А.С. Құспан



Дүрмө: Құжаттамамен ұақтамаған ету
Бөлімінің сектор меңгерушісі
Майыс Н. Шайтанбаев.